

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**

Қазақстан Республикасы, 050059 (А26МЗК5),  
Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 40-үй  
Тел.: +7 /727/ 259 07 77  
Факс: +7 /727/ 259 02 71  
halykbank@halykbank.kz, www.halykbank.kz



**АО «Народный Банк Казахстана»**

Республика Казахстан, 050059 (А26МЗК5),  
г. Алматы, пр. Аль-Фараби, д. 40  
Тел.: +7 /727/ 259 07 77  
Факс: +7 /727/ 259 02 71  
halykbank@halykbank.kz, www.halykbank.kz

30.11.2018 № 26-01-14923

№ \_\_\_\_\_

**АО «Информационно-учетный центр»**

010000, г. Астана, пр. Республики, д. 29, тел. (7172) 55-29-81

**АО «Казхстанская фондовая биржа»**

050040, г. Алматы, ул. Байзақова, 280, Северная башня МФК «Almaty Towers», 8-й этаж

**ЗАЯВКА**

Настоящим АО «Народный Банк Казахстана» (БИН 940140000385, КАЗАХСТАН, А26МЗК5, Алматы г.а., Медеуский район, Алматы, пр. Аль-Фараби, д.40, тел: (727) 259 07 77, факс: (727) 259 02 71, e-mail: halykbank@halykbank.KZ, веб-сайт: www.halykbank.kz) направляет текст информационного сообщения на русском, казахском, английском языке(ах), для размещения/опубликования его на интернет-ресурсах Депозитария финансовой отчетности, фондовой биржи, представляющих собой средства массовой информации согласно определениям, данным в подпунктах 3) и 4) пункта 2 Правил размещения на интернет-ресурсах депозитария финансовой отчетности, фондовой биржи информации о корпоративных событиях, финансовой отчетности и аудиторских отчетов, списков аффилированных лиц акционерных обществ, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов исполнительного органа по итогам года, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 26.

№	№ п.п.	Показатель / Көрсеткіш / Indicator	Содержание информации / Ақпарат мазмұны / Information content
1	2	3	4
2.		<b>Информация о выпуске акционерным обществом акций и других ценных бумаг</b>	
		<b>Ақционерлік қоғамның акциялар мен бағалы қағаздарды шығаруы жөнінде ақпарат</b>	
		<b>Information about the release of JSC's shares and other securities</b>	
1	1	наименование органа, осуществившего регистрацию выпуска ценных бумаг	Национальный Банк Республики Казахстан
		бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуді жүзеге асырған органның атауы	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
		name of the agency conducted the securities release registration	National Bank of Kazakhstan
	2	дата регистрации выпуска ценных бумаг	26.11.2018
		бағалы қағаздар шығарылымын тіркеу күні	
		the date of issue of securities registration	
2	1	вид объявленных к выпуску ценных бумаг	Облигация
		шығаруға жарияланған бағалы қағаздардың түрі	Облигациялар
		type of securities announced for release	Bonds
	1.1	Выпуск облигаций в рамках облигационной программы	Да
		Облигациялық бағдарламаның шеңберінде облигациялар	Иә
		Issue of bonds within the bond program	Yes
	2	Полное наименование объявленных к выпуску ценных бумаг (купонные облигации, простые акции и т.д.)	Первый выпуск купонных облигаций без обеспечения в пределах пятой облигационной программы АО "Народный Банк Казахстана", выпускаемый в соответствии с законодательством Республики Казахстан
		Шығарылған бағалы қағаздарды жариялаудың толық атаулары (купондық облигациялар, қарапайым акция және т.б.)	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылатын "Қазақстан Халық банкі" АҚ бесінші облигациялық бағдарламасы шеңберіндегі қамтамасыз етілмеген купондық бірінші облигациялар шығарылымы
		Full name of securities announced for release (coupon bonds, common shares, etc.	The first unsecured coupon bond issue within the fifth bond program of JSC "Halyk Bank" issued under the legislation of the Republic of Kazakhstan
	3	количество объявленных к выпуску ценных бумаг, шт.	1 000 000
		шығаруға жарияланған бағалы қағаздардың саны, дана	
		number of securities announced for release, units.	
	4	идентификационный код (национальный идентификационный номер и (или) международный идентификационный код (ISIN) в случае если ценные бумаги были выпущены в соответствии с законодательством иностранного государства), присвоенный ценным бумагам	KZP01Y03F246
		бағалы қағаздарға берілген (ұлттық сәйкестендіру нөмірі және (немесе) бағалы қағаздар шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған жағдайда халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN)) сәйкестендіру коды	
		Identification number (national identification number and (or) the international identification number (ISIN to) if the securities have been issued in accordance with the laws of a foreign state), assigned by securities	

0021156

Сериялық нөмірі жоқ бланк жарансыз  
Бланк без серийного номера не действителен

3	1	валюта выпуска облигаций	KZT - Тенге	
		облигацияларды шығару валютасы	KZT	
		value bond issue	KZT	
	2	номинальная стоимость облигаций, в валюте выпуска	10 000,00	
		облигациялардың номиналды құны, шығарылым валютасында nominal cost bonds, value issue		
3	срок обращения облигаций, месяцы	36		
	облигацияларды айналымға енгізу күні, айы circulation period, months			
4.1	номер облигационной программы	5		
	облигациялық бағдарламаның нөмірі Bond program number			
4	сканированная копия проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг акционерного общества	Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (изменений) проспекта выпуска ЦБ"		
	акционерлік қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісінің сканерленген көшірмесі	Электрондық есептілікке құжаттын сканерленген көшірмесі қосымша беріледі (қоса тіркеледі)		
	scanned copy of the prospectus of the issue of securities of the joint stock company	A scanned copy of the document attached to the report		
5	1	Было ли получено акционерным обществом разрешения Национального Банка Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган) на выпуск и (или) размещение эмиссионных ценных бумаг на территории иностранного государства?	Нет	
		Акционерлік қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен (әрі қарай - уәкілетті орган) эмиссиялық бағалы қағаздарды шетелдік мемлекет аумағында шығару және (немесе) орналастыру жөнінде рұқсат алынды ма?	Жок	
		It was obtained by joint-stock company permission of the National Bank of Kazakhstan (hereinafter - the authorized body) to issue and (or) placement of equity securities in a foreign state?	No	

Заместитель Председателя Правления

Исп. Ундирбекова Л.А.  
Тел. 8 (727) 259 03 04



*Карныкова А.С.*  
Карныкова А.С.

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ**  
**БЕСІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
**ШЕГІНДЕГІ**

**КУПОНДЫ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ БІРІНШІ**  
**ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ**

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»**  
**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ**

«Үәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептердің, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары тізімдерінің, сондай-ақ жылдың қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және олар туындаған кезден бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау арқылы назарына жеткізеді».

1. Осы облигациялар шығарылымы «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Эмитент) бесінші облигациялық бағдарлама проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

<b>2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:</b>	
⇒ облигациялық бағдарламаның проспектісін мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі	2016 жылғы 08 ақпанда F24 нөмірімен
⇒ шығару жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі	300 000 000 000 (үш жүз миллиард) теңге
⇒ облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының реттік нөмірі	Шығарылым Эмитенттің бесінші облигациялық бағдарламасының шегінде біріншісі болып табылады
⇒ облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жеке-жеке), оның ішінде: облигациялар шығарылымының уәкілетті органда тіркелу күні; облигациялардың саны мен түрі; номиналды құны бойынша шығарылымның көлемі; шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны. Қолданылмайды. Облигацияларды шығару Эмитенттің бесінші облигациялық бағдарламасының шегінде біріншісі болып табылады	

<b>3. Облигацияларды шығару туралы мәліметтер:</b>		
1)	<b>Облигациялардың түрі</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылатын қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар (бұдан әрі – Облигация)
2)	<b>Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша түрде көрсетіледі)</b>	10 000 (он мың) теңге
3)	<b>Облигациялардың саны</b>	1 000 000 (бір миллион) дана
4)	<b>Облигациялар шығарылымның жалпы көлемі</b>	10 000 000 000 (он миллиард) теңге
5)	<b>Облигациялар бойынша сыйақы:</b>	
	облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша түрде көрсетіледі)	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Облигация айналымының барлық мерзімінде тіркелген болып табылады және Облигацияның номиналды құнынан жылдық 9 % (тоғыз пайызды) құрайды
	облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн	Облигациялар бойынша сыйақы есептеу Облигациялар айнала бастаған күннен

		басталады, Облигациялар айналымының бүкіл кезеңі ішінде жүргізіледі – бірінші күннен бастап Облигациялар айналымының соңғы күніне дейін
	сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін Эмитент Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айнала бастаған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет төлейді
	облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	<p>Сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді.</p> <p>Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Эмитент Басқармасы орналасқан жердің уақыты бойынша).</p> <p>Төлем күніндегі жағдайы бойынша сыйақы номиналды құнының жылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептелінеді. Үтірден кейінгі белгілер саны мен дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.</p> <p>Сыйақыны соңғы рет төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір уақытта жүргізіледі.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақы мен негізгі борыш сомасының төлемдерін) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болса, Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасы аумағында теңгемен ашылған банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүзеге асырылады.</p> <p>Сыйақы төлемін жүргізген кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) Эмитент Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті еместен тиісті төлем жүргізілетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша</p>

		<p>өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі. Бұл айырбастау Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төлемді жүзеге асыру күніндегі жағдайы бойынша белгілеген бағамымен жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға айырбастау (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті емес есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Облигациялар бойынша төлемді Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасы резидентінің пайдасына жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
	облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Сыйақыны Эмитент Облигацияның бүкіл айналым мерзімі ішінде 360/30 (жылына 360 күн және айына 30 күн) уақыт базасы есебінен төлейді
6)	<b>Номиналды күн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы</b>	Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы (теңге)
7)	<b>Облигациялар орналастыруды бастау күні және аяқтау күні</b>	Облигацияларды орналастыру басталған күн мен аяқталған күн бұл сәйкесінше Облигациялар айнала бастаған күн және Облигациялар айналған кезеңнің соңғы күні болып табылады
8)	<b>Облигациялар айналысының басталу күні және облигациялардың айналыс мерзімі</b>	<p>Облигациялар айнала бастаған күн дегеніміз бұл «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның сауда жүйесінде жасалған бірінші сауда өткізілген күн болып табылады.</p> <p>Бірінші жасалған сауда нәтижелері бойынша анықталған Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпаратты Эмитент өзінің корпоративтік сайтында (<a href="http://www.halykbank.kz">http://www.halykbank.kz</a>) немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың интернет-ресурсында (<a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a>) жарияланады.</p> <p>Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 3 (үш) жылды құрайды.</p>

9)	Облигациялар жоспарланатын (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) айналысы нарық (немесе) бағалы қағаздар нарығы	Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы
10)	Орналасырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі	Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда ақшалай төленеді. Облигацияларды жариялау «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сауда жүйесінде өткізу арқылы жүргізілетін болады, Облигацияларды төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады
11)	Облигацияларды өтеу тәртібі:	
	облигацияларды өтеу күні	Облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде
	облигацияларды өтеу талаптары	<p>Төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күніндегі жағдайы бойынша Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген, Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы Облигациялар айналған соңғы күннен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болса, облигациялар Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасы аумағында теңгемен ашылған банктік шоты болған жағдайда теңгемен төленеді. Төлем жүргізген кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) Эмитент Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті еместен 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі. Бұл айырбастау Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төлемді жүзеге асыру күніндегі жағдайы бойынша белгілеген бағамы бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға айырбастау (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті емес есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Облигациялар бойынша төлемді Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына</p>

		жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.
	облигацияларды өтеу тәсілі	Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы сыйақыны төлеу төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басталу жағдайы бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.
12)	Осы құқықты сату тәртібін, талаптары мен мерзімдерін көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты сату тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі	<p><b>Эмитенттің бастамашылығы бойынша Облигацияларды сатып алу:</b> Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз Облигацияларын олар айналымға түскен бүкіл мерзім ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияны сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Облигацияны сатып алу күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Облигациялар ұстаушыларға Эмитенттің корпоративтік веб-сайтында (<a href="http://www.halykbank.kz">http://www.halykbank.kz</a>), «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (<a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a>) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (<a href="http://www.dfo.kz">http://www.dfo.kz</a>) интернет-ресурсында Эмитенттің Облигацияны сатып алу тәртібі, талаптары мен мерзімдері туралы хабарламаны жариялау арқылы хабарлайды.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы былайша анықталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәміле жасау күніне «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та болған нарықтық құнына сүйене отырып, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасалған кезде;</li> <li>- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасалған кезде – мәміле тараптарының келісімі бойынша.</li> </ul> <p>Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында Облигацияларды сатып ату «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережесіне сәйкес тәртіпте, талаптарда және мерзімде, ал ұйымдастырылмаған нарықта –</p>



		<p>Эмитенттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Сатып алынған Облигациялар өтелді деп саналмайды және Эмитент қайтадан орналастыруы мүмкін.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылар құқықтарының бұзылуына әкелмеуі тиіс.</p>
13)	<p>Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;</li> <li>- қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда - кепіл заты, оның құны және кепіл затын өндіріп алу тәртібі;</li> <li>- облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарттың талаптары;</li> <li>- атауын, орналасқан жерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген екінші деңгейдегі банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)</li> </ul>	<p>Облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілген немесе ипотекалық емес</p>
14)	<p>Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.</p>	<p>Облигациялардың аталған шығарылымы инфрақұрылымдық облигациялардың шығарылымы болып табылмайды</p>

4. Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигацияларды талап ету құқықтарымен төлеу қарастырылмаған.

5. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Аталған шығарылым облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

6. Облигациялар ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер.

Облигациялар ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

#### **7. Төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Төлем агенті қарастырылмаған. Облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуді Эмитент өз бетімен жүзеге асырады.

**8. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету жөніндегі міндеті белгіленген болса, онда осы тармақта мыналар ашып көрсетіледі:**

- 1) облигациялардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқаша атауы;
- 2) эмитент облигацияларының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары;
- 3) эмитенттің оның облигацияларының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Қаржы кеңесшісі қарастырылмаған.

#### **9. Облигациямен оны ұстаушыға берілетін құқықтар, оның ішінде:**

**1) облигациялар шығару проспектісінде көзделген мерзімде эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша тіркелген пайыз не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы:**

- Облигацияларды өтеген кезде осы Проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімде Облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- осы Проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімде Облигациялар бойынша тіркелген сыйақы алу құқығы;
- Облигацияларды ерікті түрде сатып алу және басқаша түрде басқару;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар Эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

**2) Осы құқықты іске асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы:**

Аталған шығарылымның Облигация ұстаушыларының Эмитент өз міндеттемелері мен шектеулерін (ковенанттар) сақтаған кезде Эмитенттің Облигацияны мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы қарастырылмаған.

Облигация ұстаушылар Эмитент «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 18-4-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларының және осы Пропектінің талаптарын бұзған жағдайда оған тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 18-4 бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды:

1) Эмитенттің органы Облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;

2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсынуға байланысты арнайы (листингтік) талаптарды орындамауға байланысты қор биржасы Эмитент Облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған жағдайда.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 18-4 бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында белгіленген жағдайларда Эмитент орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды мынадай бағалардың ең жоғарысы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті:

- жиналған сыйақыны ескере отырып мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

- мемлекеттік емес облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

Эмитент пен облигация ұстаушылардың әрекет ету талаптары, тәртібі және Эмитенттің Облигация шығарылымының проспектісінде қарастырылған шектеулерді (ковенанттар) бұзған кезде Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері осы Проспектінің 11-тармағында ұсынылған.

Осы Облигациялар шығарылымын проспектісінің талаптарында қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайларда Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы қарастырылмаған.

**3) егер сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілген жағдайда осы құқықтарды, олардың сақталу тәсілдерін, бағалау тәртібін және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібінің сипаттамасы қоса көрсетілген облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары:**

Облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) негізгі борышты ақшалай төлеуден басқа өзге мүліктік құқықтармен төлеу - көзделмеген.

Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы - көзделмеген.

**10. Басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:**

1)	<p><b>Басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі</b></p>	<p>Дефолт - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы.</p> <p>Басталған кезде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі - "<b>Дефолт оқиғасы</b>") негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы Проспектіде белгіленген мерзімде негізгі борыш және (немесе) Облигациялар бойынша купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамауы болып табылады.</p> <p><b>Жауапкершіліктен босату</b></p>
----	---	--

		<p>Эмитенттің осы Проспектімен белгіленген мерзімде сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруына мүмкіндік бермейтін Облигацияларды ұстаушысының банктік шотының дұрыс емес не толық емес деректемелерін Эмитенттің алуы, не Тіркеушінің Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде Облигацияды ұстаушылардың тізілімін бермеуі нәтижесінде болған болса.</p> <p>Эмитент осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау еңсерілмес күш жағдайларының салдары болған болса. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжауға немесе олардың алдын алуға мүмкін болмаған жағдайлар түсініледі (табиғи құбылыстарды, әскери іс-қимылдарды, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей). Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әсер ететін уақыт кезеңіне тең жылжытылады.</p>
2)	<p><b>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қоса алғанда, Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары</b></p>	<p>Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күні (яғни төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) қолданыста болған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.</p> <p>Дефолт оқиғалары басталған кезде Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Дефолт оқиғаларын туғызған себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және Эмитенттің тиісті органымен бекітеді.</p>

		<p>Эмитент дефолттың бір немесе барлық оқиғалары басталған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде дефолт оқиғасын туғызған себептерді (еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылатын оқиғаларды қоспағанда) ("<b>Кейінге қалдыру кезеңі</b>") жою үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолдануға міндетті. Мұндай себептер көрсетілген кезеңде жойылмаған жағдайда Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар Кейінге қалдыру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап есептелетін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттен өздеріне тиесілі облигацияларды (айналыс мерзімі аяқталған және Эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған Облигациялар бойынша Эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) Эмитентке Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талапты беру арқылы сатып алуды талап етуге құқығы бар.</p> <p>Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша Облигацияларды (айналыс мерзімі аяқталған және Эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған Облигациялар бойынша Эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) сатып алуға міндетті.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигациямен оның ұстаушысына берілетін құқықтарды ескере отырып, Эмитенттің уәкілетті органы қабылдайды. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын Эмитент Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда, келіссөздер жүргізу жолымен Облигацияларды ұстаушылармен келіседі.</p>
3)	<p>Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру</p>	<p>Бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде белгіленген міндеттемелерді орындау күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен бұрын кешіктірілмейтін мерзімде Эмитент осындай факті туралы Облигацияларды ұстаушыларға Эмитенттің корпоративтік</p>

<p>бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе көмекқаржылық жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібі туралы мәліметтер қамтылатын дефолт фактілері туралы ақпаратты жіберу тәртібі, мерзімі мен тәсілдері</p>	<p>сайтына (<a href="http://www.halykbank.kz">http://www.halykbank.kz</a>), "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың интернет ресурсына (<a href="http://www.kase.kz">http://www.kase.kz</a>) және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсына (<a href="http://www.dfo.kz">http://www.dfo.kz</a>) хабарлама орналастыру арқылы хабарлайды, ол мыналарды қамтуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ дефолттың пайда болу фактісі туралы ақпарат;</li> <li>▪ дефолт басталған күні Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі, міндеттемелерді орындамау себептері, сондай-ақ Эмитентке талаппен өтініш жасау тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал әрекеттерін атап өту;</li> <li>▪ Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Эмитент қолданған шаралар;</li> <li>▪ Эмитент шешімі бойынша өзге де ақпарат.</li> </ul> <p>Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын иеленген тұлғалар олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін Эмитент "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында ақпараттық хабарлама жариялаған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша оларға тиесілі Облигацияларды не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу туралы жазбаша өтініш береді.</p> <p>Облигацияларды немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша өтініш беруге тиіс:</p> <p>Заңды тұлға үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушының атауы;</li> <li>2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі;</li> </ol>
--	--

		<p>3) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және берген орган;</p> <p>4) заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;</p> <p>5) байланыс телефондары;</p> <p>6) банктік деректемелері;</p> <p>7) сатып алуға жататын Облигациялардың (не облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) саны және түрі;</p> <p>Жеке тұлға үшін:</p> <p>1) Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты;</p> <p>2) жеке сәйкестендіру нөмірі;</p> <p>3) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган;</p> <p>4) тұрғылықты жері;</p> <p>5) байланыс телефондары;</p> <p>6) банктік деректемелері;</p> <p>7) сатып алуға жататын Облигациялардың (не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) саны мен түрі.</p> <p>Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ұстаушыларға хабарланған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардан немесе Облигациялар бойынша сатып алу туралы талап ету құқықтарын ұстаушыларға жазбаша өтініштерді Эмитент орналасқан мекенжай бойынша қабылдайды.</p> <p>Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушының өтінішін Эмитенттің Директорлар кеңесі өтінішті алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қарайды. Орналастырылған облигацияларды не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент жүзеге асырады.</p> <p>Эмитент Облигацияларды не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушыларды Эмитенттің Директорлар Кеңесінің Облигацияларды не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы Эмитенттің Директорлар Кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың ішкі талаптарында белгіленген тәртіппен</p>
--	--	--

